

Күнделікті сабақ жоспары №16

Пәні: Желілік технологиялар және телекоммуникациялар

Тобы	ЕТҚ 3-971			
Күні	20.03.2020			

Сабақтың типі: Тәжірибе

Сабақтың түрі: Дәстүрлі сабақ, зертханалық, дәріс-диалог, ойын сабақ, КВН сабақ және т.б. Сабақтың тақырыбы: Іздеу жүйелерінің негізі, іздеу каталогтарын құрастыру

Сабақтың мақсаты: Оқыту (үйрету):

Білімділік: Тақырыпқа сай әртүрлі әдістерді қолдану

Дамытушылық: Өткен сабақтардан алған білімдерін қайталауға арналған әр түрлі жаттығулар арқылы балаларды тез ойланып, жауаптарын тиянақты, жүйелі айта алуға дағдыландыру

Тәрбиелік: Өндірісте атқарылатын міндетін айқын сезінуге, асқақ арман, биік мұраттарға талпына білетін, көзқарастары мен сенімін қалыптастыр

Сабақтың технологиясы мен әдістері : _____

Сабақты жабдықтау: Интерактивті тақта, графaproектор, электрондық оқулық, бейнефилм, және т.б.

Пәнаралық байланыс: информатика

Әдебиеттер тізімі: Есептеуіш техниканы жөндеу және техникалық қызмет көрсету
Д.Ғабдуллаев

Сабақтың ұйымдастыру, оқу сұрақтары, оқытудың әдіс-тәсілдері:

1. Ұйымдастыру кезеңі 5 мин. (сәлемдесу, түгелдеу, аудитория тазалығын тексеру, студенттердің зейінін сабаққа аудару) «Бір-біріне сәттілік тілеу»

2. Өткен тақырыптарға шолу 20 мин: 1. «Кім біледі?» Ауызша сұрақтарт беру. 2. Пысықтау сұрақтары. 3. Карточкамен жұмыс.

1. Ауызша сұрақтарт беру

2. Карточкамен жұмыс

3. _____

3. Жаңа тақырыпты түсіндіру 45 мин:

1. Жаңа сабақты жан жақты талқылап түсіндіру

2. _____

3. _____

4. Оқушының білімін іскерлік пен дағдысын қалыптастыру және сұрақтар арқылы бақылау.

1. Даралап сұрау

2. Топтап сұрау

3. _____

4. Жаңа сабақтың тақырыбы мен оқушылар алдында тұрған мәселелерді хабарлау.

Сабақтың жүргізу барысы

1. Тінтуір

2. Әмбебап компьютер

3. _____

Жаңа сабақты қорытындылау:

1. Сабақты қорытындылай келе сұрақ-жауап арқылы сабақты қорытындылаймын

2. Компьютердің шығу тарихы

3. Монитор

6. Сабақтың қорытындысын шығарып, қысқаша түсінік бере отырып бағалау. 5 мин

7. Үйге тапсырма беру 5 мин: Қайталау

Оқытушы: Зайтхан С.Н.

(аты- жөні)

(қолы)

Бақылау сұрақтары:

1. Интернет дегеніміз не?

2 Яндекс — ақпараттық іздестіру жүйесі қашан пайда болған?

3. Қазақстан Республикасының қандай анықтамалық іздестіру жүйелері бар?

4. Google іздеу жүйесіне анықтама беріңіз

5. Yahoo іздеу жүйесі дегеніміз не?

Іздеу жүйелерінің негізі, іздеу каталогтарын құрастыру

Іздеу жүйесі дегеніміз- кілттік сөздерді пайдалану арқылы өзіңізге қызықты, қажетті ақпараттарды табу, іздеу WEBсайтын айтады. Іздеу жүйесінің көптеген түрлері бар, оны көбінесе 4 компонент арқылы ақпаратты іздеу және ұйымдастыру кеңінен қолданылады.

Олар:

1. *«Паук»- автоматтандырылған программа.* Интернет жүйесінде іздеу арқылы WEB- сайттарды табады. Сонымен қатар WEB парақтарды да анықтайды. Сол арқылы оларды бағалық тізімге енгізеді. Бот және Веб-Краулер программаларын пайдалану арқылы тұтынушыға жасырын түрде іздестіруді ұйымдастырады.

2. *Индекстеуші программа.* Ақпараттарды құрылымдайтын және ұйымдастыратын программа. Ол WEB-сайтқа сіздің табуыңызды ұйымдастыратын программа. Индекстеуші программа тұтынушыға көрінбейді.

3. *Іздеу жүйесінің деректер қоры.* Барлық ақпараттардың жиынтығы. Ол сіздің іздеуіңізге жол ашады. Ол да тұтынушыға көрінбейді.

4. *Интерфейс.* Интернет жүйесінде не керектігін кілттік сөз арқылы іздестіруді ұйымдастыратын терезе.

Іздеу жүйесін пайдалану арқылы бүкіләлемдік тордан көптеген іздеу жүйесінің тізімін таңдай аламыз. Ал қай жүйенің сізге ыңғайлы екенін білу үшін, олардың бір- бірінен айырмашылығын білуіңіз керек.

Іздеу жүйесінің негізгі 3 түрі бар:

Метамәліметтер арқылы. Бұл көптеген іздеу жүйесін зерттейтін және нәтижесін жинақтайтын жүйе. Оған мысал ретінде мыналарды алуға болады:

Yahoo!: <http://ru.yahoo.com>

MSN Search: <http://search.msn.com>

Alta Vista: <http://www.altavista.com>

Универсалды іздеу жүйесі. Ақпаратты әдеттен тыс іздеу арқылы ақпараттардың кең көлемде қамтитын іздеу жүйесін айтады. Оған мысал ретінде:

Google: <http://www.google.ru>

Yandex: <http://www.yandex.ru>

Rambler: <http://www.rambler.ru>

Іздеу агенті. Күрделі іздеуге арналған программалық құралдар.

Мысалы: Bot Spot: <http://bots.internet.com>

Copernic: <http://www.copernic.com>

Көптеген сайттың іздеу жүйесі негізгі парақтан құралады. Оған жолына кілттік сөздерді теру арқылы материалдарды пайдалану арқылы іздестіруге болады. Сіз бір немесе бірнеше сөздерді ендіріп, оны кілт есебінде пайдалануға болады. Мысалы, географиялық ашылымдардың тарихы туралы негізгі мәтіндік жолға ендіріп, пайдалануға болады. Іздеу жүйесі сізге осы сөзден тұратын барлық сайттардың тізімін береді. Географиялық

ашылулар тарихын іздеуде Google сайты сізге 11800 сайттан аса тізім береді. Іздеу жүйесінде нәтижеге жету үшін қандай сөзді ендірудің ерекше маңызы зор. Мысалы, сіз географиялық ашылымдар тарихын іздеген кезде, AltaVista жүйесінен 23 мың сайттан кем нәтиже аласыз. Көптеген іздеу жүйелері сізге көмек файлын ұсынады. Ол сізге бұл іздестіру жүйесінде біраз жеңілдіктер береді. Көмек файлдарын пайдаланудан қорықпаңыз. Олар сізге бүкіләлемдік тордан сізге қолайлы іздеу мүмкіндіктерін көрсетеді.

Іздеу жүйелерінің негізі

World Wide Web мәліметтерінің тұтынушылары – үлкен кітапхананың оқырмандары сияқты. Кітапхана қаншалықты үлкен болған сайын, оның ішінен керекті кітап табуға қиын соғатыны белгілі. Сондықтан жұмысты жеңілдету үшін әр түрлі салалар бойынша арнайы каталогтар дайындалады.

Желідегі керекті мәліметті табу ісін арнайы іздеу жүйелері қамтамасыз етеді. Интернетті пайдалану үшін осы іздеу жүйесін дұрыс қолдана білу керек. WWW қорларындағы іздеу жүйелері жұмысы гиперсілтемелер арқылы байланысқан HTML-тіліндегі құжаттарға негізделген. Іздеу жүйесіне сұраныс бергенде, қандай сөз тіркестерін табу керек екендігін көрсетеміз. Олар табылғаннан кейін экранға сол Web құжаттар тізімі шығады, қажеттілерін қарап шыға отырып, өте керектілерін өз компьютерімізге көшіріп аламыз немесе адрестерін есте сақтаймыз.

Осылай атқарылған жұмыс нәтижесінің бірдейлігіне қарамастан (тұтынушы гиперсілтемелер тізімін алады), іздеу қызметтерінің жұмыс істеу ерекшеліктері әр түрлі болуы мүмкін.

Алматыдағы провайдерлердің адрестері:

Nursat - www.nursat.kz

Kazakhtelecom - www.telecom.kz

Astel Arna Sprint - www.astel.kz

Internet trening center - www.samal.kz

Parasang - www.parasang.kz

S&G Communications - www.lorton.com

Кейбір қызықты сайттар:

www.kazakhstan.kz

www.president.kz

www.site.kz

www.bilim.kz

www.intellect.kz

www.chudo.site.kz

www.shools.kz

www.khabar.kz

www.teens.kz

www.informatika.kz

www.fio.ru

Іздеу каталогтарын құрастыру

Іздеу каталогтары кітапханадағы кәдімгі каталогқа ұқсайды. Іздеу каталогының бірінші бетінде өзімізге керекті тақырыпты таңдаймыз да, осы тақырыпқа байланысты мәліметтердің керектілерін ішкі категориялардан іздеп, Web парақтардың тұрақты тізімін алуға тырысамыз.

- Тақырыптық каталогтар:

- **Yahoo!** (<http://www.yahoo.com>) –ресурстар каталогына қоса электронды поштаға шығуға, жаңалықтар тақтасын тегін жол ашады. Пайдаланушыға жақын арада ол

қатысуға тиісті іс-шараларды (Интернет-күнделік сияқты), басқа да нәрселерді айтып, есіне салып отыратын қызметтері бар.

- **Lycos** (<http://www.lucos.com>) – пайдаланушыға қосымша кең мүмкіндіктерді ұсынады. Олар, айталық, пошта және жаңалықтар, чаттар, сатып алу және т.б.

- **InfoSeek** (<http://guide.infoseek.com>) – іздеудің коммерциялық қызметі, ол тегін шығу мүмкіндіктерін береді. Іздеу тек қана веб-беттерінде емес, басқа ресурстар, мысалы USENET конференциялары бойынша да жүргізіледі. Ең танымал іздеу машиналары мыналар:

- **Alta Vista** (<http://altavista.digital.com>) – әр түрлі тілдерде, соның ішінде орысша да сұрату жасайды. Күрделі сұратуларды қалыптастырудың бай мүмкіндіктері бар. Категориялар бойынша іздеуді қолдайды.

- **WebGrawler** (<http://webgrawler.com>) – құжаттар мәтіні бойынша күрделі индексі бар және іздеу тапсырмаларының жазбалары кезінде екіұшты сұратулар қалыптасуына жол беріп алады.

- **Rambler** (<http://rambler.ru>) – 1966 жылдан жұмыс істеп келеді, оның 15 мыңнан аса сайттары, миллиондаған сілтемелері бар. Жақсы дамыған сұрату тілі және нәтижелерді шығарудың ыңғайлы пішімі іске қосылған. Танымал сайттардың рейтингін өткізеді.

- Интернет жүйесінде ақпарат іздеу құралдары арасынан мыналарды атап өту керек:

- **FTP Search** (<http://129.241.190.13/ftpsearch/>) – FTP архивтері бойынша ақпарат іздеу.

- **Deja News** (<http://dejanews.com>) – USENET жаңалықтар топтарындағы іздеу құралы. Іздеу уақыты, авторы, тақырыбы немесе тобы бойынша орындала алады.

- **The Electric Library** (<http://www.elibrary.com/id/25525>) – газеттер, журналдар, кітаптар және т.б. электрондық нұсқаларында іздеу жүргізуге жол ашады.

- **Shareware.com** (<http://shareware.com>) – Интернет жүйесіндегі тегін және шартты-тегін бағдарламаларды іздеу жүйесі.

- **Who Where** (<http://whowhere.com>) – WWW тарауынан адамдар мен ұйымдар туралы ақпаратты іздеу жүйесі.

Тест сұрақтары:

1. Электрондық поштаның абоненттік станциясы неден тұрады:

- A) компьютерден және пошталық серверден
- B) компьютерден, арнайы бағдарламадан және модемнен
- C) бірнеше желілік компьютерлерден
- D) хост-машинадан
- E) пошталық серверден

2. Гипертекстік хабарларды жіберу қай хаттамаға жатады:

- A) Telnet
- B) Ftp
- C) SMTP
- D) HTTP
- E) WWW

3. Internet бүкіләлемдік компьютерлік желідегі IP хаттамасы дегеніміз не:

- A) Қателер хаттамасы (диагностикалық және фатальді қателерді беру)
- B) Грамматикалық қателер хаттамасы (жіберілген хабардағы грамматикалық қателерді іздеу)
- C) Есептеу хаттамасы (нәтижелерді хабарлама формуласы бойынша есептеу)
- D) Адрестік хаттама (ақпаратты беру қайда орындалады)
- E) Транспорттық деңгейдегі хаттама (ақпаратты беру сияқты орындалады)

4. WWW қызметінің тағайындалуын көрсетіңіз:

- A) Біртұтас ақпараттық кеңістік
- B) Іздеуші сервер
- C) Сұрыптаушы сервер
- D) Жаңалықтар топтамасына байланысты телеконференциялар жүргізу

- Е) Электронды пошта (пошталық сервер)
5. Түйіндері орталық тораппен сызықтар арқылы байланысқан топология:
- А) Радиальды
 - В) Шиналық
 - С) Көлемдік
 - Д) Сатылық
 - Е) Жұлдызша
6. Желідегі компьютерлер жұмыс жасайтын ережелер жиынтығы қалай аталады:
- А) Маршрут жасаушы
 - В) Схема
 - С) Хаттама (Протокол)
 - Д) Сервер
 - Е) Желі
7. Жергілікті желінің тиімді топологиясын көрсетіңіз.
- А) Глобальды желі
 - В) Сақиналық
 - С) Біршендік
 - Д) Шиналық
 - Е) Жұлдыз схемасы бойынша топология
8. Қайсысы Internet хаттамасы (протокол) болады?
- А) IP
 - В) TCP/IP
 - С) UDP
 - Д) CAN
 - Е) FTP
9. Сервер дегеніміз не?
- А) Жүйені басқаратын және барлық жүйенің ұзақ уақыт жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жүйедегі белгілі бір компьютер
 - В) Internet-ке қосылған жай компьютер
 - С) Internet-ке қосылмаған жай компьютер
 - Д) Глобальды жүйеге автоматты түрде қосылатын компьютер
 - Е) Символдық адресстерді цифрларға түрлендіруді қамтамасыз ететін, арнайы бағдарламалары бар компьютерлер
10. Қолданылатын хаттамалармен сәйкес компьютерлік желіні локалды (LAN – Local Area Network) және ... (WAN – Wide Area Network) деп бөлуге болады?
- А) Меншікті
 - В) Деңгейлі
 - С) Шалғайдағы
 - Д) Глобальды
 - Е) Аймақты
11. Дербес компьютерлерді аймақтық желіге қосу үшін не қажет:
- А) Сканер, принтер, ксерокс және дискі жетектер
 - В) Арнайы утилит
 - С) Интернет жүйесінде ақпаратты іздеу үшін арналған жүйе
 - Д) Байланыс каналдары, модемдер және желілік бағдарламалық қамтамасыздандыру
 - Е) Компьютер жұмысы кезінде қатені іздеу программасы
12. INTERNET бүкіләлемдік компьютерлік желідегі TCP хаттамасы дегеніміз не:
- А) Қателер хаттамасы (диагностикалық және фатальді қателерді беру)
 - В) Есептеу хаттамасы (нәтижелерді хабарлама формуласы бойынша есептеу)
 - С) Адресстік хаттама (ақпаратты беру қайда орындалады)
 - Д) Грамматикалық қателер хаттамасы (жіберілген хабардағы грамматикалық қателерді іздеу)
 - Е) Транспорттық деңгейдегі хаттама (ақпаратты беру сияқты орындалады)
13. KZ домені қай мемлекетті көрсетеді?

- A) Ресейді
- B) Германияны
- C) АҚШ
- D) Қырғызстанды
- E) Қазақстанды

14. Желінің ең карапайым топологиясын көрсетіңіз:

- A) Шина
- B) Асимметрия
- C) Жұлдыз
- D) Сопақ түріндегі
- E) Сақина

15. Екі компьютер ақпарат алмасу барысында ұстануға тиісті ереже қалай аталады?

- A) Браузер
- B) Деректер
- C) Хаттама
- D) Мәтін
- E) Құжат

16. HTTP дегеніміз не?

- A) Интернет желісіне қосуға қолданылатын аббревиатура
- B) Файлдарды беру хаттамасы
- C) Web – парақ құрастыруға арналған құрылғы
- D) Гипермәтінді беру хаттамасы
- E) Жоғары деңгейлі бағдарламалау тілі

17. “Браузер” түсінігінің дұрыс анықтамасын көрсетіңіз.

- A) Интернет қызметін ұсынушы;
- B) WWW қызметінің ресурстарын шолу-бағдарламасы
- C) Сұрыптаушы сервер
- D) Іздеуші сервер
- E) Электрондық пошта

18. Компьютерлік желі - ол:

- A) Бірігіп есеп шығару үшін бірнеше ЭЕМ-ді біріктіру
- B) Үлкен ЭЕМ-ға байланыс каналдармен қосылған комплекс терминалдары
- C) Бір орталыққа орналастырылған компьютерлер тобы;
- D) Мультимедиялық компьютер принтерімен, модемімен және факсымен
- E) Компьютерлік желілерде ақпараттарды өңдеу технологиялары

19. Интернет жүйесіне қосатын қызметті жабдықтаушы қалай аталады.

- A) Браузер
- B) Жүйе сервері
- C) Іздеу жүйесі
- D) Домен
- E) Провайдер

20. Желінің қандай топологиялары болады?

- A) Шина, сақина, жұлдызша
- B) Сақина, асимметрия, жұлдызша
- C) Шина, асимметрия
- D) Овал(сопақ) түрінде
- E) Сервистік

21. ARPANET ұлттық масштабтағы бірінші желі құрылған жылы:

- A) 1020 ж.
- B) 1985 ж.
- C) 1812 ж.
- D) 1969 ж.
- E) 1983 ж.

22. Провайдер дегеніміз – ол:

- A) Қолданушы есімі
- B) Жүйе аралық протоколдармен берілетін ақпараттың өлшем бірлігі
- C) Жүйелік администратор
- D) Цифрлық телефондық жүйе түйіні
- E) Өзінің клиенттерін жүйеге қосуды қамтамасыз ететін коммерциялық қызмет көрсету

23. Хаттама дегеніміз не?

- A) Іс қағазы
- B) Желіде мәліметтерді сақтау ережесі
- C) Желіде мәліметтерді құрылымдау
- D) Желіде мәліметтерді өткізуді ұйымдастыру ережесі
- E) Мәліметтер пакеті

24. Әлемдік компьютерлік желі INTERNET қай жылы құрылды?

- A) 1985 ж.
- B) 1812 ж.
- C) 1020 ж.
- D) 1983 ж.
- E) 1969 ж.

25. Локальді компьютерлік желіде қатысушылар ұйымының жұмысын басқаратын адам жүйелік ... деп аталынады?

- A) Браузер
- B) Сервер
- C) Администратор
- D) Клиент
- E) Провайдер

	D	D	E	A	E	C	B	A	D	D	E	E	A
Сұрақ нөмірі	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Жауабы	C	B	B	A	E	B	D	E	D	D	C	C	
	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	